



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

"ҚАЗМҰНАЙГАЗ" ҰК АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2021 жылғы 30 маусымда аяқталған 6 ай үшін



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметінің нәтижелеріндегі үрдістер мен елеулі өзгерістерді түсінуге және бағалауға көмектесу болып табылады. Осы шолу Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы есептілігіне негізделген және оны аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы есептілігімен және ілеспе ескертпелермен бірге қарау керек. Барлық қаржы деректері мен оларды талқылау Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарына ("ХҚЕС") сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы есептілігіне негізделеді. Топтың есеп саясатына сәйкес бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға салынған инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі, демек, жол бойынша шоғырландырылмайды ("үлестік қатысу әдісімен ескерілетін кәсіпорындар").

Ерекше ескерілген жағдайларды есептемегенде, теңгемен көрсетілген барлық сомалар миллиардпен көрсетілген. Цифрлар дөңгелектенген, алайда, үлестік көрсеткіштер дөңгелектегенге дейінгі іс жүзіндегі көрсеткіштер қолданылып есептелген.

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2.	НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР	7
2.1.	Мұнай мен мұнай өнімдерінің нарықтық бағаларының өзгеруі.....	7
2.2.	Шетелдік валютаның айырбастау бағамының өзгеруі	8
2.3.	Мұнай мен газ тасымалдау тарифтері	8
2.4.	Өңдеу тарифтері	10
2.5.	Салық салу.....	10
3.	ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ.....	11
3.1.	Мұнай мен газ конденсатын өндіру	11
3.2.	Газ өндіру.....	11
3.3.	Мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдау	12
3.4.	Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	13
3.5.	Газ тасымалдау.....	13
3.6.	Көмірсутек шикізатын өңдеу.....	13
3.7.	Мұнайды, мұнай өнімдері мен газды сату	14
4.	ТОПТЫҢ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ	16
4.1.	Кіріс.....	16
4.2.	Шығыстар	18
4.3.	Бірлесіп-бақыланатын ұйымдар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлес	20
4.4.	Кіріс салығы бойынша шығыстар	21
4.5.	Өтімділік және күрделі шығындар	22

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – Қазақстанда және одан тыс жерде мұнай мен газды геологиялық-барлау және өндіру, сондай-ақ мұнай, газ бен мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, маркетингі жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тікелей интеграцияланған компания.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №248 қаулысының негізінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ пен «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясын біріктіру нәтижесінде құрылды. Біріктіру нәтижесінде барлық активтер мен міндеттемелер, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа берілді.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (90,42% - 1 акция) пен Қазақстанның Ұлттық Банкі (9,58% + 1 акция) ҚМГ акционерлері болып табылады. Топ Қазақстан Республикасының мұнай мен газ конденсатын өндіру нарығының төрттен бірін алып отыр, сондай-ақ елдегі мұнай өңдеуде, мұнай мен табиғи газды құбырмен тасымалдауда үстем орынға ие.

Бүгінгі таңда, мыналар Топтың анағұрлым маңызды жобалары мен ірі еншілес компаниялары болып табылады:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ (мұнай мен газды барлау және өндіру);
- «Ембімұнайгаз» АҚ (мұнай мен газды барлау және өндіру);
- «ҚазТрансОйл» АҚ (мұнай тасымалдау)
- «ҚазТрансГаз» АҚ (газ тасымалдау және сату)
- «ҚазМұнайТеңіз» АҚ (теңіз мұнай операциялары)
- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу)
- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу)
- KMG International N.V. (Румынияда және Қара теңіз бен Жерорта теңіз бассейндері елдеріндегі мұнай өңдеу, мұнай мен мұнай өнімдері маркетингі).
- Ірі инвестициялық жобалар:
 - North Caspian Operating Company B.V. (қатысу үлесі – 8,44%);
 - Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (қатысу үлесі - 10%);
 - Теңізшевройл (қатысу үлесі - 20%).

Корпоративтік маңызды оқиғалар

- 2021 жылғы 18 ақпанда "КПМГ Такс энд Эдвайзори" ЖШС ҚМГ Ішкі аудит қызметінің жұмысына жүргізген сыртқы бағалау нәтижелері жарияланды - халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарына және үздік халықаралық практикаларға 100%-ке сәйкес келеді;
- 2021 жылғы 2 наурызда ҚМГ мен француздық Air Liquide AMӨЗ-ге өндірістік техникалық газдарды жеткізу туралы келісті, жобаны "Эр Ликид Мұнай Тех газы" ЖШС бірлескен кәсіпорны арқылы іске асыру жоспарлануда;
- 2021 жылғы 11 наурызда ҚМГ мен "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ "ҚазТрансГаз" АҚ-тың 100% жай акцияларына қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды;
- 2021 жылғы 15 наурызда ҚР Энергетика министрінің, ҚМГ Басқарма төрағасының және "ЛУКОЙЛ" КАҚ президентінің үшжақты кездесуі барысында Әл-Фараби теңіз учаскесінде бірлесіп игеру шеңберінде көмірсутектерді барлау және өндіру құқығын беру жөніндегі тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылды;
- 2021 жылғы 19 мамырда ҚР Энергетика министрлігі мен ҚМГ арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Әл-Фараби учаскесінде көмірсутектерді барлауға және өндіруге арналған №4914-ЭМ КСШ келісімшарт жасалды;
- 2021 жылғы 3 маусымда "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ, ҚМГ мен "СИБУР Холдинг" ЖАҚ Петербург Халықаралық экономикалық форумының шеңберінде Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенін салу жобасы бойынша ынтымақтастықтың негізгі шарттарына қол қойды (бірінші фаза – полипропилен өндірісі, екінші фаза - полиэтилен өндірісі);
- 2021 жылғы 4 маусымда ҚМГ, ҚТО, "Магистральдық су құбыры" ЖШС мен Еуразиялық Даму банкі Петербург Халықаралық экономикалық форумы шеңберінде "Астрахан-Маңғышлақ" магистральдық

су құбырын қайта жаңарту және кеңейту" жобасын қаржыландыруды ұйымдастыру мәселесі бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды;

- 2021 жылғы 4 маусымда ҚМГ мен "ЛУКОЙЛ" ЖАҚ Петербург Халықаралық экономикалық форумының шеңберінде "Әл-Фараби Оперейтинг" ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 49,99% сатып алу-сату шартына қол қойды.

Өндірістік оқиғалар

- 2021 жылғы 15 қаңтарда АМӨЗ қату температурасы минус 45С болатын Altay-45 қысқы дизель отынының бірінші партиясын шығару туралы жариялады;
- 2021 жылғы 25 ақпанда Дубай қаласында ҚМГ мен Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы (SOCAR) Каспий теңізінің Әзірбайжан секторындағы "Satti" өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын бірлесіп пайдалану туралы уағдаласты;
- 2021 жылғы 2 наурызда тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен ҚМГ арасында Каспий теңізінде орналасқан "Жамбыл" учаскесі бойынша көмірсутек шикізатын барлауға арналған 2008 жылғы 21 сәуірдегі № 2609 келісімшартты бұзу туралы келісімге қол қойылды;
- 2021 жылғы 19 наурызда Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг б.в. компаниясы Қарашығанақ кен орнындағы газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасының табысты аяқталғанын жариялады;
- 2021 жылғы 5 сәуірде ҚМГ "Татнефть" КАҚ-пен бірлесіп іске асыратын Бутадиен жобасы бойынша өзара іс-қимылдың базалық шарттары бойынша келісімге қол қойылды;
- 2021 жылғы 3 мамырда Шығыс Жетібай к/о №8 бағалау ұңғымасын сынау нәтижелері бойынша Ю-8 горизонтынан (2102-2104,4 м; 2105,8-2107 М) 16% суландыру жағдайында 9 мм штуцерде тәулігіне 21 тн дебитпен мұнайдың бұрқақты ағыны алынды;
- 2021 жылғы 28 мамырда Петромидия МӨЗ (Румыния) аумағында Петромедия МӨЗ қажеттіліктері үшін электр энергиясы мен жылуды аралас өндіретін электр станциясының толық ауқымды құрылыс жұмыстары кезеңінің салтанатты ашылуы өтті;
- 2021 жылғы 6 маусымда Шымкент мұнай өңдеу зауытында күрделі жұмыстар аяқталды. Күрделі жөндеу жаңғырту аяқталған сәттен бастап 3 жыл ішінде алғаш рет жүргізілді;
- 2021 жылдың маусымның 16-ы күні Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында орналасқан «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС компрессорлық цехының ауа тоңазытқышында өрт шықты, қайтыс болғандар мен зардап шеккендер жоқ.

Қаржы оқиғалары

- 2021 жылғы 30 наурызда ҚМГ-нің жалпы сомасы 6,250 млрд АҚШ доллары мөлшеріндегі Еурооблигациялары Astana International Exchange ресми тізіміне енгізілді;
- 2021 жылғы 21 сәуірде жылдық 4,375% мөлшерлемемен және 2027 жылы өтеу мерзімімен 750 млн. АҚШ доллары сомасына Еурооблигацияларды ұстаушылардың ҚТГ ковенантты пакетті жеңілдету бөлігінде (қаржы ковенанттарын сақтау қажеттілігін болдырмауды қоса алғанда) Еурооблигацияларды шығару проспектісіне өзгерістер енгізуге келісімі алынғаны туралы жарияланды;
- 2021 жылғы 30 сәуірде S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ рейтингін "BB", болжам "негативті" деңгейінде растады;
- 2021 жылғы 4 мамырда "Самұрық-Қазына" АҚ және ҚР Ұлттық Банкінің шешімдеріне сәйкес 2020 жылдың қорытындылары бойынша акционерлерге тиесілі "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ шоғырландырылған таза кірісінің 18,3%-ін құрайтын 49,999 млрд. теңге мөлшеріндегі соманы "ҚазМұнайГаз"ҰК АҚ акционерлеріне дивидендтер төлеуге жіберу туралы шешім қабылданды;
- 2021 жылғы 3 маусымда "АМӨЗ" ЖШС мен Еуропалық қайта жаңарту және даму банкі арасында 80 млн. АҚШ доллар сомасына, "Технологиялық сұлы тазарту және рециркуляциялау және булану алаңдарын рекультивациялау" жобасын (TAZALYQ жобасы) қаржыландыруға кредиттік шартқа қол қойылды;

- Есепті кезең ішінде АМӨЗ the Export Import Bank of China-дан алған 79 млн. АҚШ долларына кредитті ішінара өтеді және "Қазақстанның Даму банкі" АҚ-тың 142 млн. АҚШ. доллары мөлшеріндегі кредитті толық өтеді;
- 2021 жылғы 16 маусымда ҚМГ ҚМГ-нің Еурооблигацияларын ұстаушылардың 2025, 2027, 2030, 2047, 2048 жылдары өтеу мерзімімен ҚМГ-нің 2020 жылғы Еурооблигацияларын шығару шарттарына сәйкес келтіруге келісімін алды, олар өзге де өзгерістермен қатар ҚТГ беруге рұқсат береді.

2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Мыналар Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсер еткен негізгі факторлар болып табылады:

- шикі мұнай мен мұнай өңдеу өнімдері бағаларының ауытқуы;
- валюта бағамының өзгеруінің әсер етуі;
- мұнай мен газ тасымалдау қызметтерінің тарифтеріндегі өзгерістер;
- салық салу;

Төменде топтың қызметіне әсер еткен 2021 жылдың 6 айындағы макроэкономикалық көрсеткіштер көрсетілген.

Атауы	Өлшем бірлігі	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Ауытқу	
				абс	%
Кезеңнің аяғындағы инфляция (ИПЦ, алдыңғы жылдың тиісті айына %-пен)	%	108	107	1	0,9
Мұнайдың экспорттық кедендік бажы	АҚШ долл./тонна	52	35	17,0	48,6
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)	теңге	2 917	2 778	139	5,0
Жалақы төлемінің ең аз мөлшері (ЖТЕМ)	теңге	42 500	42 500	0	0,0

2.1. Мұнай мен мұнай өнімдерінің нарықтық бағаларының өзгеруі

Халықаралық және қазақстандық нарықтағы шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің бағалары Компания қызметінің нәтижелеріне әсер етеді.

Мұнайдың әлемдік бағаларының өзгеруі (АҚШ долл./барр.)	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, %
Brent мұнайы	64,98	40,07	62,17
Urals мұнайы	63,59	39,20	62,22

Дереккөз: Thomson Reuters

Есепті кезеңде шикі мұнай бағасының өзгеруі бірқатар жаһандық факторлардан, оның ішінде ОПЕК+ елдерінің 2021 жылы барлық қатысушылар үшін оңтайлы өндіру көлемі туралы келісімдерінің, АҚШ-тағы аномальді суықтың, Суэц каналының бұғатталуының, әлемде Covid-19-дан вакцинациялау қарқынының артуының, қорлардың төмендеуі және басқа да факторлар аясында АҚШ-тағы көмірсутек отынына деген сұраныстың артуының нәтижесінде туындады.

Халықаралық және қазақстандық нарықта мұнай өнімдері бағасының серпіні бірқатар факторлармен айқындалады, олардың ішінде ең маңыздылары шикі мұнайдың бағасы, мұнай өнімдеріне деген сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасы, бәсекелестік, өткізу нарықтарының мұнайды түпкілікті немесе аралық өңдеу өнімдеріне өңдейтін кәсіпорындардан алыстығы, мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылық/профицит болып табылады.

Мұнай өнімдерінің әлемдік орташа бағалары	Өлш. бірлігі	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, %
Мазут	АҚШ долл. /тонна	415	265	56,7
Нафта	АҚШ долл. /тонна	568	326	74,3
Авиакеросин	АҚШ долл. /тонна	544	366	48,7

ҚР-дегі мұнай өнімдерінің орташа көтерме бағалары*	Өлшем бірлігі	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, %
АИ-95 маркалы бензин	теңге/т	187 222	177 727	5,3
АИ-92 маркалы бензин	теңге/т	174 222	164 644	5,8
Дизельдік отын (жазғы)	теңге/т	174222	183 978	-5,3

Авиакеросин	теңге/т	184 000	186 995	-1,6
-------------	---------	---------	---------	------

Дереккөз: Argus ҚР МӨЗ-де өндірілген мұнай өнімдері бойынша Каспий нарығы

2020 жылдың тиісті кезеңінің баға деңгейімен салыстырғанда, 2021 жылғы 1-ші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша ҚР ішкі нарығында АИ-92/АИ-95 бензиндерінің орташа нарықтық көтерме бағалары орташа есеппен 5,6%-ке өсті. Бағаның көрсетілген өсуі жазғы кезеңде автобензиндерді тұтынудың маусымдық өсуіне байланысты болып отыр.

2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығының қорытындылары бойынша ҚР ішкі нарығында дизельдік отын мен авиакеросиннің орташа нарықтық көтерме бағалары тиісінше 5%-ке және 2%-ке төмендеді. Көтерме баға серпініне іскерлік белсенділіктің төмендеуі және Covid-19 пандемиясына байланысты әуе тасымалы көлемінің толық қалпына келмеуі әсер етті.

2.2. Шетелдік валютаның айырбастау бағамының өзгеруі

Теңге бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне айтарлықтай әсер етті және әсер етуді жалғастыратын сияқты, себебі Компанияның шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан түсетін кіріс үлесі АҚШ долларымен көрсетілген, ал Компания шығыстарының елеулі бөлігі теңгемен көрсетілген. Сондай-ақ Компанияның қарыздары мен кредиторлық борышының үлкен бөлігі АҚШ долларымен деноминацияланған.

	Кезеңдегі орта бағам	Кезеңнің аяғындағы
2021 жылдың 30 маусымындағы 6 ай үшін (1,00 доллар үшін қазақстандық теңге)	424,22	427,89
2020 жылдың 30 маусымындағы 6 ай үшін (1,00 доллар үшін қазақстандық теңге)	404,71	403,93

Дереккөз: Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттық нәтижелері бойынша белгіленген валюта бағамдары

2.3. Мұнай мен газ тасымалдау тарифтері

Мұнайды магистральдық құбырмен тасымалдау

Қазақстандағы мұнай өндіру өңірлерінің көпшілігі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудың негізгі нарықтарынан алыс болғандықтан, мұнай компаниялары тасымалдау инфрақұрылымының даму дәрежесіне, оған қол жеткізу мүмкіндігіне байланысты.

Топ еншілес компания – «ҚазТрансОйл» АҚ-қа тиесілі Қазақстандағы магистральдық құбырлар жүйесімен экспортқа және ішкі нарыққа жеткізілетін шикі мұнайдың елеулі бөлігін тасымалдайды. Сондай-ақ Топ Каспий құбыр арнасы консорциумының мұнай құбырындағы акционерлік капиталдың 20,75%-не иелік етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы №58 бұйрығымен бекітілген шарттың үлгі нысанына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ компанияларының тобы тұтынушылармен жасалған мұнай тасымалдау қызметтерін көрсету шарттарына сай, олар шикі мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдайды. Аталған шарттармен тараптардың мұнай тасымалдау кезіндегі құқықтары мен міндеттері бекітілген. Топтың «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялары тобының мұнайды ішкі нарыққа және экспортқа магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау басқа өндірушілердің мұнайымен араластырылып жүзеге асырылады.

2015 жылғы мамырда «Қазақстан Республикасының табиғи монополиялары мен реттелетін нарықтарының мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген түзетулер қабылданғаннан кейін, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит пен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге экспорттау мақсатында, мұнай тасымалдау қызметтері табиғи монополиялар салаларынан алынып тасталды. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бұйрығымен мұнайды магистральдық құбырлармен айдау қызметтеріне арналған мынадай тарифтерді бекітілді:

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорт мақсатында – 1000 км-ге 1 тонна үшін 7 358,76 теңге (ҚҚС-сыз), ол 2020 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі, 2020 жылғы қаңтар-ақпандағы тариф – 1000 км-ге 1 тонна үшін 6 398,92 теңге (ҚҚС-сыз);
- Тұймазы-Омск-Новосибирск-2 магистральдық құбырының Қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында – 2018 жылдың 1 сәуірінен бастап қолданысқа енгізіп, 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 292,4 теңге мөлшерінде (ҚҚС-сыз).

2018 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Энергетика министрі (№545 бұйрық) 2019-2023 жылдарға арналған ресейлік 1 тонна үшін 15 АҚШ доллары мөлшерінде (ҚҚС-сыз) мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы

арқылы тасымалдау маршруты бойынша Қытай Халық Республикасына жылына 10 млн.тонна көлемінде Ресей Федерациясының шекарасы-Қазақстан Республикасының шекарасы (Прииртышск)-Атасу (Қазақстан Республикасы)-Алашаньюу (Қытай Халық Республикасы) тасымалдау құнын бекіткен болатын, оның ішінде:

- * Ресей Федерациясының шекарасы-Қазақстан Республикасының шекарасы (Прииртышск)-Атасу (Қазақстан Республикасы) учаскесінде, мұнайды "Атасу" БМАС-қа ауыстырып тиеуді қоса алғанда - 1 тонна үшін 4,23 АҚШ долл. (ҚҚС-сыз), 2018 жылғы тариф кезінде - 1 тонна үшін 3,11 АҚШ долл. 1 тонна үшін (ҚҚС-сыз);
- * Атасу учаскесінде (Қазақстан Республикасы)-Алашаньюу (Қытай Халық Республикасы) - 1 тонна үшін 10,77 АҚШ долл. (ҚҚС-сыз), 2018 жылғы тариф кезінде - 1 тонна үшін 8,25 АҚШ долл. (ҚҚС-сыз).

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 қарашадағы №71-НҚ бұйрығымен 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, "ҚазТрансОйл" АҚ магистральдық құбырлары жүйесі бойынша Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнай айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметінің 2021-2025 жылдарға арналған 1000 км-ге 1 тонна үшін (ҚҚС-сыз) 4 355,57 теңге мөлшерінде тарифтік смета мен тариф бекітілді. Бұған дейін тариф 1000 км-ге тоннасына 4 109,5 теңге болған (ҚҚС-сыз).

Газ тасымалдау

Магистральдық газ құбырлары мен газ тарату жүйелерімен газ тасымалдауды «ҚазТрансГаз» АҚ компанияларының тобы жүзеге асырады. Магистральдық газ тасымалдауды «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сондай-ақ «Азия газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындары жүзеге асырады. Тарату газ құбырларымен газ тасымалдауды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырады.

Халықаралық транзит пен экспорт бойынша газ тасымалдау тарифтері

2015 жылдың мамырында «Табиғи монополиялар туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, газды транзитке және экспортқа тасымалдау қызметтері мемлекеттік реттеуден алынып тасталды. Газ транзиті мен экспортының тарифтері, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті бекітпей, шарттық негізде белгіленеді.

2021 жылдың 1-жартыжылдығында транзитке және экспортқа газ тасымалдауға арналған қолданыстағы тарифтер мынадай болды:

- "Интергаз Орталық Азия" АҚ:
 - о "Газпром" КАҚ пен оның еншілес ұйымдары үшін газ экспорты ҚҚС-сыз 100 км-ге 2 АҚШ доллары/мың м3;
 - о "Өзтрансгаз" АҚ үшін ҚҚС-сыз 100 км-ге 2,9 АҚШ доллары/мың м3;
 - о "Теңізшевройл" ЖШС, "ҚазТрансГаз" АҚ үшін газ экспорты ҚҚС-сыз 100 км-ге 5 АҚШ доллары/мың м3;
 - о "ҚазРосГаз" ЖШС үшін газ экспорты ҚҚС-сыз 100 км-ге 2 АҚШ доллары/мың м3;
- "Азия газ құбыры" ЖШС – газ транзиті мен экспорты ҚҚС-сыз 100 км-ге 3,58 АҚШ доллары/мың м3 ;
- "Бейнеу-Шымкент газ құбыры" ЖШС - ішкі нарықта газ тасымалдауға, газдың транзиті мен экспортына арналған бірыңғай тариф 100 км-ге 1000м3-ге 15 964,4 теңге (ҚҚС-сыз);

Ішкі нарықта газды магистральдық және тарату газ құбырларымен тасымалдау тарифтері

Ішкі нарықтағы газ тасымалдау тарифтерін Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен реттейді.

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін тауар газын магистральдық құбырлармен тасымалдау тарифтері мынадай мөлшерде бекітілді:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4 551 теңге теңге/мың м3 (ҚҚС-сыз);
- «Азия Газ құбыры» ЖШС 100 км-ге 555,5 теңге/мың м3 (ҚҚС-сыз);
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС 100 км-ге 15 964,4 теңге/мың м3.

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін "ҚазТрансГаз Аймақ" АҚ тарату құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тарифтер мынадай мөлшерде бекітілді:

№	Облыс	Тасымалдау тарифтері, теңге/мың м ³ , ҚҚС-сыз
1.	Жамбыл облысы	8 665,23
2.	Шымкент қ.	6 248,66
3.	Қызылорда облысы	9 083,51

№	Облыс	Тасымалдау тарифтері, теңге/мың м ³ , ҚҚС-сыз
4.	Батыс Қазақстан облысы	2 615,37
5.	Ақтөбе облысы	5 107,36
6.	Қостанай облысы	4 669,05
7.	Маңғыстау облысы	2 392,59
8.	Атырау облысы	1 762,75
9.	Шығыс Қазақстан облысы	1 550,00
10.	Алматы қ.	4 309,80
11.	Нұр-Сұлтан қ.	4 107,87
12.	Қарағанды облысы	4 107,87

2.4. Өңдеу тарифтері

2016 жылдан бастап, негізгі үш қазақстандық МӨЗ (АМӨЗ, ПМХЗ, ПКОП) өз қызметін жаңа өңдеу бизнес-моделі бойынша жүзеге асыра бастады, оған сәйкес, МӨЗ белгіленген тарифтер бойынша мұнай өңдеу қызметтерін ғана көрсетеді, өңдеу үшін мұнайды сатып алмайды және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Осы мән-жайлар дайын мұнай өнімдерін дербес сататын мұнай берушілерге жүктеледі. ҚМГ тобының тікелей интеграцияланған құрылымына және оның жаңа өңдеу бизнес-моделіне байланысты, әрбір бизнес-бағытты өзінің нақты кәсібіне шоғырландырып, нәтижесінде, ҚМГ компанияларының барлық тобының операциялық тиімділігін ұлғайта алады. Трансформация шеңберінде, ҚМГ өз активтерін стратегиялық басқарушыдан операциялық басқарушы болып өзгеріп, мұнай өңдеу зауыттарына өндірістік мәселелеріне ғана шоғырлануға көмектеседі, соның нәтижесінде өңдеу қызметі оңтайландырылып, шығындар қысқартылады.

«ҚР кәсіпкерлігі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015ж.29.10 № 376-V Заңға сәйкес, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап, өңдеу бағаларын мемлекеттік реттеу алынып тасталады.

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығы ішінде қолданылатын орташа есептелген тарифтер төменде көрсетілген:

Зауыттардың атауы	Өлш. бірлігі	2021 жылдың 6 айы	2020 жылдың 6 айы	Δ, %
АМӨЗ	теңге/тонна	42 345	41 232	2,7
ПМХЗ	теңге/тонна	22 850	20 904	9,3
ПКОП	теңге/тонна	34 998	28 059	24,7
CASPI BITUM	теңге/тонна	18 000	20 002	-10,0

2.5. Салық салу

Төменде көрсетілген кестеде Топ тиісті кезеңдерде қолданатын салықтардың белгіленген мөлшерлемелері көрсетілген:

Салық	2021ж.30.06	2020ж.30.06	Салық салынатын база
Корпоративтік табыс салығы (КТС)	20%	20%	Салық салынатын кіріс
Қосылған құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	бухгалтерлік есептің деректері бойынша салық салынатын объектілердің орта жылдық баланстық құны
Жер салығы	айнымалы шама, мөлшерлемесі жер учаскесінің мақсаты мен сапасына қарай	айнымалы шама, мөлшерлемесі жер учаскесінің мақсаты мен сапасына қарай	жер учаскесінің алаңы
Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем	айнымалы шама, мөлшерлемесі эмиссияның түріне қарай	айнымалы шама, мөлшерлемесі эмиссияның түріне қарай	қоршаған ортаға белгіленген эмиссия нормативтерінің шегінде және (немесе) одан жоғары эмиссиялардың іс жүзіндегі көлемі
Экспортқа салынатын ренталық салық	0%-32% Мұнайдың әлемдік бағасына байланысты шәкіл бойынша	0%-32%	шикі мұнай мен шикі мұнай өнімдері экспортының көлемі
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	0%-18%	0%-18%	өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты мен табиғи газ көлемінің құны
Үстеме табыс салығы (ҰТС)	0%-60%	0%-60%	Жер қойнауын пайдаланушының жиынтық жылдық кіріс пен шегерімдер арасындағы айырма ретінде белгіленетін таза кіріс бөлігі (тіркелген активтер бөлігінде – іс жүзіндегі КС минус

Салық	2021ж.30.06		2020ж.30.06		Салық салынатын база
					амортизация шығыстары мөлшерінде) және осы шегерімдер сомасының КПН, 25%-не тең сомадан асатын КТС.
Шикі мұнай мен газ конденсатының акцизі	0 теңге/тонна		0 теңге/тонна		өндірілген, сатылған шикі мұнай мен газ конденсатының көлемі
1 тонна үшін акциздердің мөлшерлемелері (теңгемен) мен баждар					
	2021ж.30.06		2020ж.30.06		Салық салынатын база
Мұнай өнімдерінің акцизі	Бензин (авиациялық отынды есептемегенде), <u>ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0- 2710 12590 0)</u>	Дизельдік отын (<u>ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0- 2710 19 480 0)</u>	Бензин (авиациялық отынды есептемегенде, <u>ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0- 2710 12590 0)</u>		Дизельдік отын (<u>ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0- 2710 19 480 0)</u>
Бензин (авиациялық отынды есептемегенде) мен жеке өндірістің дизельдік отынының көтерме саудасы (желтоқсан-маусым)	24 435	540	24 435		540
Бензин (авиациялық отынды есептемегенде) мен жеке өндірістің дизельдік отынының көтерме саудасы	0	0	0		0
Бензин (авиациялық отынды есептемегенде) мен дизельдік отын өндірушілерінің бөлшек сатуы, жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдалану (желтоқсан-маусым)	24 935	600	24 935		600
Бензин (авиациялық отынды есептемегенде) мен дизельдік отынды жеке және заңды тұлғаларға бөлшек сату, өз қажеттіліктеріне пайдалану	500	60	500		60
Импорт	24 435	540	24 435		540
Салық кодексінің 462-бабының 5) тармақшасында көрсетілген, алыс-беріс шикізатты өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру (желтоқсан-маусым)	24 435	540	24 435		540
Шикі мұнайдың экспорттық бажы	Мұнайдың әлемдік бағасына байланысты шәкіл бойынша		Мұнайдың әлемдік бағасына байланысты шәкіл бойынша		Экспорттық көлем

Пайдалы қазбалар өндіру салықтарының мөлшерлемелері, мұнай мен мұнай өнімдерінің экспортына салынатын ренталық салық пен экспорттық баждар мұнайдың әлемдік бағасына байланысты және олар тиісінше өзгереді. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында, оның ішінде пайдалы қазбалар өндіру салығын, экспортқа салынатын ренталық салықты, роялтиді және мемлекеттің атынан Қазақстан Республикасының өнімді бөлу үлесін төлеу немесе жеке өндірістік қажеттіліктерге пайдалану есебіне заттай нысанда шикі мұнай мен газ конденсаты сатылған және (немесе) берілген жағдайда, белгіленген мөлшерлемелерге төмендеуші 0,5 коэффициенті қолданылады.

Пайдалы қазбаларды өндіру, табиғи газ салығының мөлшерлемесі 10 процентті құрайды. Ішкі нарықта шикі газды сату кезінде пайдалы қазбаларды өндіру салығы жылдық өндіру көлеміне қарай, мөлшерлемелер (мөлшерлеме – 0,5%-тен бастап 1,5%-ке дейін) бойынша төленеді.

2016 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі шикі мұнайдың экспорттық кедендік баждарының прогрессивті шәкілін енгізді. Жаңа режим бойынша экспорттық кедендік баждар Brent пен Urals маркалы мұнайдың мұнай шикізатының әлемдік нарықтарында қалыптасқан шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Мұнай шәкілі бойынша – әлемдік бағалар бір баррель үшін 25 доллардан төмен болғанда, ЭКБ 0-ге тең болады, мұнайдың әлемдік бағасы бір баррель үшін 25 доллардан жоғары болғанда, ЭКБ шәкілге сәйкес белгіленеді. Мұнайдың әлемдік бағасы бір баррель үшін 40 АҚШ долларынан асқан жағдайда, экспортқа салынатын ренталық салық шәкіл бойынша есептеледі.

3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Операциялық нәтижелер	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардағы үлес ескерілген мұнай мен конденсат өндіру (мың тонна)	10 738	11 345	-607	-5,3
Бірлескен кәсіпорындардағы үлес ескерілген газ өндіру (млн. м³)	4 079	4 321	-239	-5,6
Жеке МӨЗ бен бірлескен кәсіпорындардың МӨЗ-де мұнай өңдеу (мың тонна)	9 704	8 290	1 414	17,1
Мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдау (мың тонна)	31 854	32 434	-581	-1,8
Мұнайдың жүк айналымы (млн.тонна*км)	29 571	30 698	-1 126	-3,7
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау (мың тонна)	5 095	4 894	201	4,1
Газды магистральдық құбырлармен тасымалдау (млн.м3)	46 411	45 172	1 080	2,7
Газ тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының көлемі (млрд.м3*км)	27 980	25 015	2 964	11,0

3.1. Мұнай мен конденсат өндіру

Мұнай мен конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	10 738	11 345	-607	-5,3
«Теңізшевройл» ЖШС (20%)	2 707	2 852	-145	-5,1
«Өзенмұнайгаз» АҚ (100%) + «ҚазГӨЗ» ЖШС (100%)	2 629	2 746	-118	-4,3
«Маңғыстаумұнайгаз» ЖШС (50%)	1 445	1 526	-81	-5,3
«Ембімұнайгаз» АҚ (100%)	1 213	1 353	-140	-10,3
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК (50%)	613	673	-60	-8,9
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	539	562	-23	-4,1
«Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)	511	506	5	1,0
«Қазгермұнай» БК» ЖШС (50%)	375	417	-42	-10,0
Petrokazakhstan, Inc (33%)	312	343	-30	-8,9
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (100%)	215	209	6	2,7
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС (50%)	146	148	-1	-1,0
«Өріктау Оперейтинг» ЖШС (100%)	24	0	24	-
«ҚазТрансГаз» АҚ ("Амангелді Газ" -100%)	7	8	-1	-16,7

2021 жылдың 1-жартыжылдығында мұнай мен конденсаттың шоғырландырылған көлемі 10 738 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көлемнен 607 мың тоннаға аз. Өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатысты мұнай өндіру көлемінің негізгі төмендеуі ӨМГ, ЕМГ, ММГ, ТШО және Қашаған бойынша байқалады, бұл ОРЕС+ келісімінің талаптарына сәйкес жекелеген кен орындарында мұнай өндіруді шектеуге байланысты. Бұдан басқа, 2020 жылдың соңында "Өріктау Оперейтинг" ЖШС кен орындарын өнеркәсіптік пайдалану басталды. Ұқсас кезеңдегі фактімен салыстырғанда ПКИ және КГ өндірісінің төмендеуі кен орындары қорларының табиғи сарқылуына байланысты.

3.2. Газ өндіру

Газ (ілеспе және табиғи) өндірудің шоғырландыру көлемі, млн.м3	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	4 079	4 321	-243	-5,6
«Теңізшевройл» ЖШС (20%)	1 505	1 571	-66	-4,2
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	1 003	1 044	-41	-3,9

«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК (50%)	374	406	-32	-7,9
«Өзенмұнайгаз» АҚ (100%)+ «ҚазГӨЗ» ЖШС (100%)	327	391	-65	-16,5
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС (50%)	191	179	12	6,9
«Маңғыстаумұнайгаз» ЖШС (50%)	176	173	2	1,4
«ҚазТрансГаз» АҚ ("Амангелді Газ" -100%)	142	172	-30	-17,2
«Қазгермұнай» БК» ЖШС (50%)	107	103	4	4,3
«Ембімұнайгаз» АҚ (100%)	89	117	-28	-23,9
Petrokazakhstan, Inc (33%)	71	75	-4	-5,0
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (100%)	66	76	-10	-13,1
«Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)	17	14	3	22,4
«Өріқтау Оперейтинг» ЖШС (100%)	10	0	10	-

Есепті кезеңде газ өндірудің шоғырландырылған көлемі 4 079 млн.м3 құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінің көлемінен 243 млн. м3 аз. ӨМГ, ЕМГ, Қашаған, ТШО бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатысты газ өндіру көлемінің төмендеуі ОПЕС+ келісімінің талаптарына сәйкес жекелеген кен орындарында мұнай өндіруді шектеумен, Қарашығанақ бойынша ағымдағы жылдың маусымында қоршаған ортаның жоғары температурасына байланысты техникалық қызмет көрсету үшін газды кері айдау компрессорының жоспардан тыс тоқтатылуымен, ал ҚТГ бойынша пайдалану ұңғымалары дебиттерінің табиғи төмендеуімен байланысты. Сонымен қатар, 2020 жылдың соңында "Өріқтау Оперейтинг" кен орындарын өнеркәсіптік пайдалану басталды.

3.3. Мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдау

Мыналар қазақстандық мұнайдың құбырлар бойынша жұмыс істеп тұрған негізгі экспорттық маршруттары болып табылады:

- Атырау-Самара құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%);
- Каспий құбыр арнасы консорциумының құбыры («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ - 20,75%).

«ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды ішкі нарыққа, экспортқа тасымалдау қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ мұнай транзитін жүзеге асырады.

Компаниялар қимасында мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	31 854	32 434	-581	-1,8
«ҚазТрансОйл» АҚ КО	20 428	21 510	-1 082	-5,0
«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» АҚ (51%)	979	686	293	42,8
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (50%)	4 211	3 766	445	11,8
«Каспий құбыр арнасы консорциумы-Қ» АҚ (20.75%)	6 236	6 473	-237	-3,7
Мұнайдың жүк айналымының көлемі (млн.тн*км)	29 571	30 698	-1 126	-3,7
«ҚазТрансОйл» АҚ	17 182	18 417	-1 235	-6,7
«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» АҚ (51%)	404	260	144	55,5
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (50%)	3 803	3 486	317	9,1
«Каспий құбыр арнасы консорциумы-Қ» АҚ (20.75%)	8 181	8 535	-353	-4,1

Есепті кезеңде магистральдық құбыр бойынша мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 31 854 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көлемнен 581 мың тоннаға аз. Мұнайды магистральдық құбыр бойынша тасымалдау көлемінің төмендеуі ОПЕС+ келісімі шеңберінде ҚР-да өндіру көлемінің төмендеуіне, сондай-ақ Ақтөбе мен Құмкөл өңірлері өндірісінің табиғи төмендеуіне байланысты мұнайды магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне тапсырудың төмендеуіне байланысты.

3.4. Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау

Мыналар мұнайды теңізбен тасымалдаудың қолданыстағы маршруттары болып табылады:

- Каспий теңізі акваториясындағы маршруттар.

- Қара және Жерорта теңіздерінің акваториясындағы маршруттар.

Бағыттар қимасында мұнайды теңіз флотымен тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	5 095	4 894	201	4,1
Ақтау-Махачкала	328	266	62	23,3
Қара теңіз	2 016	1 611	405	25,1
Жерорта теңізі	2 751	2 954	-203	-6,9
Махачкала-Баку	0	63	-63	-

Есепті кезеңде теңіз флотының мұнайды тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 5 095 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көлемнен 201 мың тоннаға артық. Негізінен Қара теңіз бағыты бойынша ұлғаю байқалады, бұл жүк жөнелтушілерде қосымша көлемдердің болуына байланысты болып отыр, ол үшін Қара теңіз акваториясында мұнай тасымалдау үшін сырт жақтан флот тартылды.

3.5. Газ тасымалдау

аз тасымалдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: халықаралық газ транзиті, газды экспортқа тасымалдау және газды ішкі тұтынушыларға тасымалдау.

Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.м ³)	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	46 411	45 172	1 239	2,7
Халықаралық транзит	26 634	23 806	2 828	11,8
Газды экспортқа тасымалдау	8 552	11 130	-2 578	-23,1
Газды ішкі тұтынушыларға тасымалдау	11 225	10 235	990	9,7
Газ тасымалдау бойынша тауар-көлік жұмыстарының көлемі (млрд.м³*км)	27 667	25 015	2 651	11,0
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	9 152	8 369	783	9,0
"Азия газ құбыры" ЖШС (50%)	13 702	12 005	1 697	14,0
"Бейнеу-Шымкент газ құбыры" ЖШС (50%)	4 813	4 642	171	4,0

*көрсеткіштер іс жүзіндегі деректер ескеріліп түзетілген

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында газ тасымалдаудың жалпы көлемі 46 411 млн. м³ құрады және келесі себептер бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, есепті кезеңде 1 239 млн. м³ ұлғайды:

- ҚР аумағы арқылы "Газпром" КАҚ түрікмен газының транзиттік ағынын ұлғайту;
- ҚХР бағытындағы транзитті ұлғайту;
- газ тұтынудың ұлғаю салдарынан ішкі тұтынушылар үшін газ тасымалының өсуі.

3.6. Көмірсутек шикізатын өңдеу

- * Павлодар мұнай-химия зауыты ("ҚазМұнайГаз "ҰК" АҚ қатысу үлесі 100%): қазіргі уақытта ПМХЗ жылына 6 млн.тонна мұнай өңдей алады. Есепті кезеңде өңдеу тереңдігі 87,19% құрады;
- * Атырау мұнай өңдеу зауыты ("ҚазМұнайГаз "ҰК" АҚ қатысу үлесінің 99,53%): өңдеудің жобалық қуаты жылына 5,5 млн. тоннаны құрайды, есепті кезеңде өңдеу тереңдігі 74,63%-ті құрады;
- * Шымкент мұнай өңдеу зауыты ("Петро Қазақстан Ойл Продактс", "ҚазМұнайГаз "ҰК" АҚ қатысу үлесі 49,72%): жобалық қуаты – жылына 6 млн. тонна, есепті кезеңде өңдеу тереңдігі 86,13% құрады;
- * CaspiBitum - ("ҚазМұнайГаз "ҰК" АҚ қатысу үлесі 50%): ауыр Қаражанбас мұнайынан жол битумдарын өндіру зауыты. Өңдеу бойынша жобалық қуаты жылына 1,0 млн. тоннаны құрайды.
- * KMG (Rompertrol Rafinare) екі МӨЗ, "Petromidia" және "Vega" мен Petrochemicals мұнай-химия кешені (МХК) кіреді:

- о "Petromidia" МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S. A. қатысу үлесі 100%) жобалық қуаты – жылына 5,0 млн.тонна мұнай және 1 млн. тонна өзге де көмірсутек шикізаты. Мұнай-химия кешені "Petromidia"МӨЗ-бен интеграцияланған;
- о "Vega" МӨЗ - (Rompetrol Rafinare S. A. қатысу үлесі100%) жобалық қуаты – жылына 0,5 млн.тонна. "Vega" МӨЗ шикізаттың балама түрлерін (нафта, ауыр көмірсутекті фракциялар, мазут) Румыниядағы өңдеуге мамандырылған жалғыз кәсіпорын.

Операциялық үлес ескерілген көмірсутек шикізатын өңдеудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2021ж.30.06	2020ж.30.06	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай үшін	аяқталған 6 ай үшін		
	9 704	8 290	1 414	17,1
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	2 587	2 633	-46	-1,8
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	2 876	2 056	820	39,9
«ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС (50%)	1 105	1 135	-30	-2,6
«CASPI BITUM» (50%)	222	196	26	13,0
KMG International N.V. (Petromidia Refinery)	2 726	2 116	611	28,9
KMG International N.V. (Vega Refinery)	188	154	34	22,1

Өңдеу көлемінің өзгеруінің негізгі себептері:

- АМӨЗ - төмендеу "KEGOC" АҚ тарапынан 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында АМӨЗ энергиямен қамтамасыз ету жүйесінде бірнеше рет істен шығу фактілерімен байланысты, бұл каталикалық крекинг қондырғысын жоспардан тыс қарапайым және кейінгі жөндеуге әкеп соқты;
- ПМХЗ - ұлғаю "СНПС-Ақтөбемұнайгаз" АҚ мұнайындағы хлор-органикалық қосылыстар құрамының асып кету себебінен 2020 жылғы қаңтарда орын алған ПМХЗ-да мұнайдың жетіспеуімен, 2020 жылғы мамырда ПМХЗ-да жоспарлы-алдын алу жөндеу жүргізумен, сондай-ақ Covid-19 пандемиясынан туындаған ҚР-да 2020 жылы карантиндік шараларды енгізу кезінде ПМХЗ жүктемесінің жалпы төмендеуімен байланысты;
- ПҚОП - ҚР ЭМ жоспарына сәйкес есепті кезеңде алыс-берушілерден мұнай жеткізілімдерінің төмендеуі;
- KMG (Petromidia Refinery) – ұлғаю 2020 жылғы 15 наурыз бен 12 мамыр аралығындағы кезеңде жоспарлы күрделі жөндеудің жүргізілуіне байланысты Петромидия МӨЗ өндірісінің тоқтауына байланысты.

3.7. Мұнайды, мұнай өнімдері мен газды сату

ҚМГ өндірілген мұнай сатуы

мың тонна	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін			2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер*	3 150	3 804	6 954	4 147	3 243	7 390
Мегажобалар**	3 837	0	3 837	4 055	2	4 057
Жиыны	6 987	3 804	10 791	8 202	3 245	11 447

* Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, Қаражанбасмұнай, Қазгермұнай, Petrokazakhstan, Inc, Қазақойл Ақтөбе, Қазақтүрікмұнай, Өріктау Оперейтинг, Амангелді Газ.

** Теңішевройл, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в., «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК.

Есепті кезеңде мұнай өндіру көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ОПЕС+ келісімінің талаптарына сәйкес мұнай өндірудің жалпы төмендеуі себебінен 655 мың тоннаға төмендеді.

Мұнай өнімдерін сату

Есепті кезеңде мұнай өнімдерін сатуды "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ, "ҚазМұнайГаз-Аэро" АҚ және KMG International N. V. компаниялары жүзеге асырды.

Мың тонна	2021ж.30.06	2020ж.30.06	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай үшін	аяқталған 6 ай үшін		
Көтерме сату	3 724	3 218	506	15,7
Ашық мұнай өнімдері	2 400	2 177	223	10,3

Қара мұнай өнімдері	555	534	21	3,9
Мұнай-химия	120	157	-37	-23,5
Сұйытылған газ	159	127	32	25,0
Өзгелері	490	223	267	119,7
Бөлшек сату	719	560	159	28,4
Ашық мұнай өнімдері	657	514	143	27,9
Сұйытылған газ	60	45	15	33
Өзгелері	2	1	1	84
Мұнай өнімдерін сатудың барлық көлемі	4 443	3 778	665	17,6

ҚМГ мұнай өнімдерін сату

Мың тонна	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Қазақстандық мұнай өнімдерін сату	1 886	1 609	276	17,2
Көтерме сату	1 886	1 609	277	17,2
Бөлшек сату	0	0	0	-
КМГІ мұнай өнімдерін сату	2 557	2 169	389	17,9
Көтерме сату	1 838	1 608	230	14
Бөлшек сату	719	560	159	28,3
Жиыны	4 443	3 778	665	17,6

Есепті кезеңде мұнай өнімдерін сату көлемі 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 665 мың тоннаға ұлғайды, бұл негізінен Covid-19 пандемиясы аясында ҚР-да карантиндік шаралар қолданылған 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңде мұнай өнімдерін өндірудің үлкен көлеміне байланысты, сондай-ақ 2020 жылдың бірінші тоқсанында СНПС-Ақтөбемұнайгаз мұнай сапасының төмендеуіне байланысты шикізаттың жеткіліксіз жеткізілуіне байланысты ПМХЗ бойынша болды.

Газды сату

Табиғи газды сату, негізінде, «ҚазТрансГаз» АҚ есебінен жүзеге асырылады. Осы компанияның функцияларына ішкі нарыққа табиғи газды көтерме сатып алу, өңірлік газ тарату желілері бойынша газ тасымалдау, газ тарату объектілері мен желілерді пайдалану және ішкі нарықта табиғи газды сату кіреді.

«ҚазТрансГаз» АҚ газды сатуы * (млн. текше м.)	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Газды экспортқа сату	3 550	4 224	-674	-16,0
Газды ішкі нарыққа сату	8 605	7 589	1 015	13,4
Газды сату көлемінің жиыны	12 154	11 814	340	2,9

Есепті кезеңде "ҚазТрансГаз" АҚ газын сатудың жалпы көлемі 12 154 млн.м3 құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көлемнен 340 млн. м3 артық. Өткен жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішімен салыстырғанда тауарлық газды сатудың өсуіне ішкі нарыққа сату есебінен қол жеткізілді, бұл елді мекендерді газдандыру шеңберінде газ тұтынушылар санының ұлғаюымен, сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындардың, оның ішінде жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындарды газдандыру есебінен газ тұтынудың өсуімен байланысты болды. Сонымен қатар, Қытайа экспорттық газ қабылдаудың шектелуіне және РФ-ға газ өткізу көлемінің төмендеуіне байланысты өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда экспортқа газ өткізу көлемінің төмендеуі байқалады.

4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Пайда және шығындар туралы есеп

Пайда мен шығындар (млн. теңге)	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Түсім және өзге де кіріс	3 683 250	2 553 670	1 124 358	44,0
Өнімді сату мен қызметтерді көрсетуден түсім	3 122 119	2 254 095	868 024	38,5
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың кірісіндегі үлес, нетто	481 224	224 280	256 944	114,6
Қаржылық кіріс	46 087	63 531	-17 444	-27,5
Еншілес компанияның шығуынан кіріс	2 674	0	2 674	0,0
Өзге де операциялық кіріс	31 146	11 764	14 160	120,4
Шығыстар мен шығындар	-2 909 620	-2 501 636	-402 762	16,1
Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны	-1 688 978	-1 125 890	-563 088	50,0
Өндірістік шығындар	-350 777	-363 532	12 755	-3,5
Табыс салығынан басқа салықтар	-197 273	-139 480	-57 793	41,4
Тозу, сарқылы және амортизация	-197 394	-180 219	-17 175	9,5
Тасымалдау мен сату бойынша шығыстар	-234 198	-222 485	-11 713	5,3
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-68 744	-74 818	6 074	-8,1
Барлау және бағалау бойынша негізгі құралдар мен активтердің құнсыздануы	-3 774	-225 402	221 628	-98,3
Барлау шығыстары	-19 800	0	-19 800	0,0
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы	0	-38 000	38 000	-100,0
Қаржы шығындары	-137 189	-135 194	-1 995	1,5
Еншілес ұйымдардың шығуынан шығын	-1 351	0	-1 351	-
Өзге де шығыстар	-9 484	-14 735	10 473	-71,1
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто	-658	18 119	-18 777	-103,6
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда	773 630	52 034	721 596	1 386,8
Кіріс салығы бойынша шығыстар	-129 197	-31 330	-97 867	312,4
Жалғасатын қызметтен бір жылдағы пайда	644 433	20 704	623 729	3 012,6
Таза пайда/(шығын)	644 433	20 704	623 729	3 012,6

4.1. Кіріс

Өнімді сатудан және қызметтерді көрсетуден түсетін шоғырландырылған кіріс

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Шикі мұнайды және газды сату	1 750 618	1 273 550	477 069	37,5
Мұнай өнімдерін сату	976 152	615 729	360 424	58,5
Мұнай және газ тасымалдау қызметтері	159 473	147 552	11 921	8,1
Мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу қызметтері	102 459	92 469	9 990	10,8
Өзге кірістер	133 417	124 795	8 622	6,9
Өнімді сатудан және қызметтерді көрсетуден түсетін кірістің барлығы	3 122 119	2 254 095	868 024	38,5

Өнімді сату мен қызметтерді көрсетудің шоғырландырылған көлемдері

Өнімді сату және қызметтерді көрсету көлемдері	Өлшем бірлігі	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	мың тонна	4 586	3 874	712	18,4
Шикі мұнай сату	мың тонна	6 648	7 812	-1 164	-14,9
Тауар газын сату	млн. м ³	12 637	11 820	818	6,9

Магистральдық құбырмен мұнай тасымалдау	мың тонна*км	16 958	17 521	-564	-3,2
Газ тасымалдау	млн. м ³ *км	25 898	25 673	225	0,9
Мұнай өңдеу	мың тонна	3 362	2 992	370	12,4

Қалыптасқан орта есептік бағалар

Қалыптасқан орта есептік бағалар	Өлшем бірлігі	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	тонна үшін теңге	212 846	158 931	53 915	33,9
Шикі мұнай сату	тонна үшін теңге	207 953	107 605	100 348	93,3
Тауар газын сату	мың м3 үшін теңге	29 131	36 632	-7 501	-20,5
Магистральдық құбырмен мұнай тасымалдау	тонна үшін теңге	4 565	4 536	29	0,6
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	мың м3 үшін теңге	2 904	2 418	485	20,1
Газ тасымалдау	тонна үшін теңге	30 476	30 905	-429	-1,4

Есепті кезеңде сатудан түсетін кіріс 3 122,1 млрд. теңгені құрайды және өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 38,5%-ке өсті. Кіріс құрылымында шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан түсетін кіріс үлесінің өсуі байқалады.

Қызмет түрлері бойынша кірістің өзгеруінің негізгі себептері:

- шикі мұнайды мен газды сатудан – 37,5%-ке өсу мұнайдың орташа өлшемді әлемдік бағасының өсуіне байланысты. Бұл өсу ҚХР-да өткізу көлемінің және орташа бағасының төмендеуі есебінен қалыптасты, сондай-ақ есепті кезеңде РФ-да газ өткізу жүзеге асырыламағандығымен теңестірілді;
- мұнай өнімдерін сатудан – 58,5%-ке өсу мұнай өнімдерін сату көлемдерінің және орташа бағасының ұлғаюына байланысты;
- мұнай және газ тасымалдаудан –8,1% өсуі Газпром тарапынан түркімен газының транзитіне (Орта Азия транзиті) өтінімнің ұлғаюымен, сондай-ақ есепті кезеңде теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа айырбас бағамының ұлғаюымен байланысты, бұл мұнай жүк айналымының төмендеуіне байланысты мұнай тасымалдаудан түсетін кірістердің төмендеуімен ішінара нивелирленді, бұл ОПЕС+ келісімі шеңберінде ҚР-да өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты мұнайды магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне;
- мұнайды өңдеуден - 10,8%-ке өсу СНПС-Ақтөбемұнайгаз сапасының төмендеуіне және жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 2020 жылы мұнайдың жеткіліксіз жеткізілуіне байланысты, сондай-ақ зауыттар ҚР нарығында сұраныстың төмендеуіне, сонымен қатар 2021 жылы қайта өңдеуге арналған тарифтердің өсуіне байланысты төмен жүктемелерде жұмыс істеді.

4.2. Шығыстар

Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Қайта сату үшін сатып алынған мұнай	1 216 468	652 189	564 279	87%
Өңдеуге арналған мұнайдың құны	251 415	152 979	98 436	64%
Материалдар мен қорлар	118 928	94 159	24 769	26%
Өңдеу үшін сатып алынған газ	85 334	204 652	-119 318	-58%
Қата сату үшін сатып алынған мұнай өнімдері	16 833	21 911	-5 078	-23%
Жиыны	1 688 978	1 125 890	563 088	50%

2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, 2021 жылдың 1 жартыжылдығында сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және өзге де материалдардың өзіндік құны бойынша шоғырландырылған шығыстар 50%-ке немесе 563 млрд.теңгеге ұлғайды.

Қайта сату және өңдеу үшін сатып алынатын шикі мұнайға жұмсалатын шығыстардың ұлғаюы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының өсуіне (2021 ж. 1 ж/ж. факт – бір баррель үшін 65 АҚШ доллары, 2020 ж.1 ж/ж. факт – бір баррель үшін 40 АҚШ доллары), сондай-ақ АҚШ доллары бағамының ұлғаюына байланысты (2021 ж.1 ж/ж. факт – бір АҚШ доллары үшін 424 теңге, 2021 ж. 1-ші тоқс. факт - бір АҚШ доллары үшін 405 теңге).

"Материалдар мен қорлар" бабы бойынша негізінен KMG I бойынша шығындардың ұлғаюы өңдеуге арналған өзге де шикізат пен материалдар құнының, сондай-ақ май құю орындарындағы тауарлардың өзіндік құнының ұлғаюына байланысты. Сонымен бірге, есепті кезеңде құбырларды ауыстыру бойынша жұмыстардың үлкен көлеміне байланысты шикізатты өңдеу көлеміне байланысты ПМХЗ мен АМӨЗ бойынша және "Кен-Құрылыс-Сервис" ЖШС бойынша шығындардың өсуі.

Қайта сату үшін сатып алынған газ бойынша шығыстардың азаюы негізінен Лондон халықаралық төрелік сотының шешімі бойынша Қашаған газын сатып алу бойынша шығыстардың түзетілуіне байланысты газды сатып алуға ҚТГ шығыстарының төмендеуімен, сондай-ақ шығыстардың азаюы газды экспортқа сату көлемінің төмендеуімен байланысты.

Қайта сату үшін сатып алынған мұнай өнімдері шығыстарының төмендеуі сұраныстың төмендеу нәтижесінде мұнай өнімдерін сату көлемінің төмендеуімен байланысты.

Өндірістік шығыстар

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Жалақы төлемі бойынша шығыстар	167 965	158 383	9 582	6%
Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері	50 301	50 540	-239	0%
Электр энергиясы	44 367	40 318	4 049	10%
Көлік шығыстары	22 753	14 865	7 888	53%
Жалдау бойынша шығыстар	13 572	28 891	-15 319	-53%
Өзгелері	51 819	70 535	-18 716	-27%
Жиыны	350 777	363 532	-12 755	-4%

Есепті кезеңде шоғырландырылған өндірістік шығыстар 2020 жылдың ұқсас кезеңіндегі шығыстармен салыстырғанда 4%-ке немесе 12,8 млрд. теңгеге азайды.

Жалақы бойынша шығыстар негізінен өндірістік персоналдың жалақысын индекстеуге, сондай-ақ АҚШ доллары бағамының өсуіне байланысты 6%-ке немесе 9,6 млрд.теңгеге ұлғайды, бұл кадрлардың тұрақтамауымен және бос орындардың болуымен ішінара нивелирленді.

2020 жылдың есептік кезеңінде МӨЗ-ді жоспарлы жөндеуге және АҚШ доллары бағамының өсуіне байланысты негізінен KMG I бойынша электр энергиясы бойынша шығыстардың ұлғаюы.

2021 жылдың есепті кезеңінде осы бапта KMG I ішкі логистикасына арналған шығыстарды көрсету және 2021 жылдың есепті кезеңінде осы шығыстарды басқа шығыстарда көрсету нәтижесінде көлік шығыстарының ұлғаюы. Салыстырған кезде МӨЗ-ге үшінші тараптардан газ және мұнай өнімдерінің ішкі логистикасы көлемінің ұлғаюына байланысты шығыстардың ұлғаюы.

Жалға алу бойынша шығыстардың негізінен ҚТКФ бойынша азаюы негізінен ТШО-ны болашақта кеңейту жобасының аяқталуына байланысты. Сондай-ақ ҚТГ бойынша 2021ж.01.01 бастап "Сарыарқа" МГ жалға алуға қатысты 16 "Жалдау" ХҚЕС қолдану мен "Тозу және амортизация" бөлімінде шығыстардың көрсетілуіне байланысты. Макрокөрсеткіштердің өзгеру нәтижесінде дайын өнім балансының өзгеру есебінен негізінен мұнай өндіруші компаниялар бойынша өзге де шығыстардың азаюы.

Табыс салығынан басқа салықтар

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Шикі мұнай экспортына салынатын ренталық салық	55 583	19 474	36 109	185%
Экспорттық кеден бажы	49 231	41 247	7 984	19%
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	41 802	33 070	8 732	26%
Өзге де салықтар	50 657	45 689	4 968	11%
Жиыны	197 273	139 480	57 793	41%

Салық төлемдері бойынша шоғырландырылған шығыстар (табыс салығынан басқа) 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында 2020 жылдың ұқсас кезеңінің фактісімен салыстырғанда 41%-ке немесе 57,8 млрд теңгеге ұлғайды.

Brent маркалы мұнайдың анағұрлым жоғары қалыптасқан әлемдік бағасына байланысты осы салықтар бойынша анағұрлым жоғары орташа мөлшерлемелер нәтижесінде ренталық салық және кедендік баж бойынша шығыстардың ұлғаюы, сондай-ақ АҚШ доллары бағамының ұлғаюы есебінен (мөлшерлемелер: ренталық салық бойынша 2021ж. 1 ж/ж. факт – 14%, 2020ж. 1 ж/ж. факт – 7%; ЭСА бойынша 2021ж. 1 ж/ж. факт – бір тонна үшін 52 АҚШ доллары, 2020ж. 1 ж/ж. факт - 35 АҚШ доллары бір тонна үшін). Бұл өсім мұнайды экспортқа сату көлемінің төмендеуімен ішінара нивелирленген.

"Пайдалы қазбаларды өндіру салығы" бабы бойынша АҚШ доллары бағамының және мұнайдың орташа бағасының өсуіне байланысты шығыстардың ұлғаюы.

Есепті кезеңде акцизделетін мұнай өнімдерін өндіруді ұлғайту және олардың үлкен көлемін сату нәтижесінде өзге салықтар бойынша, негізінен акциздер бойынша шығыстар бойынша шығыстардың ұлғаюы.

Тасымалдау және сату бойынша шығыстар

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Тасымалдау	212 701	202 496	10 205	5%
Жалақы бойынша шығыстар	6 017	5 830	187	3%
Өзгелері	15 480	14 159	1 321	9%
Жиыны	234 198	222 485	11 713	5%

Тасымалдау және сату бойынша шоғырландырылған шығыстар есепті кезеңде 5%-ке немесе 11,7 млрд теңгеге ұлғайды. Негізінен ҚТГ бойынша шығыстардың ұлғаюы, бұл негізінен ҚР ішкі нарығына газ өткізу көлемінің ұлғаюына байланысты. Бұл ұлғаю мұнайды экспортқа өткізу көлемінің төмендеуі нәтижесінде тасымалдау жөніндегі шығыстардың азаюымен ішінара нивелирленді. Сондай-ақ шығыстардың ұлғаюына АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамының өсуі әсер етті.

Жалпы және әкімшілік шығыстар

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Жалақы бойынша шығыстар	32 291	34 107	-1 816	-5%
Консультациялық қызметтер	8 034	11 012	-2 978	-27%
Сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиторлық шығындар бойынша резервті есептеу	3 857	2 153	1 704	79%
Қызмет көрсету бойынша шығыстар	3 555	3 548	7	0%
Жалақы бойынша шығыстарға қосылмаған әлеуметтік төлемдер	2 338	2 934	-596	-20%
Байланыс қызметтері	2 136	1 778	358	20%
Есепке алынбаған ҚҚС	2 025	2 061	-36	-2%
Қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстар	1 183	1 127	56	5%

Өзге де ағымдағы активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті есептеу	77	1 403	-1 326	-95%
Құнсыздану/(қалпына келтіру) өтеуге жататын ҚҚС	-2 075	490	-2 565	-523%
Өзгелері	15 323	14 205	1 118	8%
Жиыны	68 744	74 818	-6 074	-8%

Есепті кезеңдегі жалпы және әкімшілік шығыстар 68,7 млрд.теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 6,1 млрд. теңгеге төмен. Шығындар құрылымындағы негізгі өзгерістер шығыстардың мынадай баптары бойынша қалыптасты:

2020 жылдың ортасында ұйымдық құрылымды оңтайландыруға байланысты жалақы бойынша шығыстардың негізінен KMG I және ҚМГ КО бойынша азаюы, бұл есептік кезеңде АҚШ доллары бағамының ұлғаюымен және компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің жалақысының индекстелуімен ішінара нивелирленді;

2020 жылдың 1-тоқсанында Curtis борышын төлеуге байланысты негізінен PSA бойынша консультациялық шығындарын азайту;

2021 жылдың есепті кезеңінде негізінен ҚТКФ құрылған резервтері бойынша сауда дебиторлық берешегі бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті есептеу;

2020 жылдың ортасында ұйымдық құрылымды оңтайландыруға байланысты ЕТҚ-ға кірмейтін әлеуметтік төлемдердің азаюы, бұл өтемақы төлемдерінің, оның ішінде шетелдік қызметкерлер үшін тұрғын үйді жалдауға байланысты, сондай-ақ ҚМГ-Қарашығанақ бойынша, 2021 жылғы есепті кезеңде жұмылдыру процесі мен тіркеу процестерінің кешіктірілуіне байланысты ішінара нивелирленді;

Тұтынылатын қызметтердің үлкен көлемімен байланыс қызметтері бойынша шығыстарды ұлғайту және жаңа байланыс станцияларын қосу;

Кейбір ЕТҰ-ның қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты басқа да ағымдағы активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті есептеу;

2021 жылы республикалық бюджеттен күтілетін ҚҚС өтеуге байланысты негізінен ЕМГ бойынша өтеуге ҚҚС құнсыздануы бойынша шығыстардың азаюы;

ПТР-тест тапсыру қажеттілігіне байланысты санитариялық-гигиеналық нормаларды, қалыпты еңбек жағдайларын және қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ ЕМГ бойынша экологиялық бұзушылықтар үшін айыппұлдар мен өсімақылар бойынша шығындар есебінен өзге де шығыстар бойынша ұлғайту.

4.3. Бірлесіп-бақыланатын ұйымдар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлес

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
«Теңізшевройл» ЖШС	199 005	69 514	129 491	186,3
«Азия газ құбыры» ЖШС	120 824	76 566	44 258	57,8
Каспий құбыр арнасы консорциумы	39 321	40 664	-1 343	-3,3
«Бейнеу - Шымкент газ құбыры» ЖШС	36 173	24 139	12 034	49,9
KMG Kashagan B.V.	30 798	-11 409	42 207	-369,9
Mangistau Investments B.V.	26 794	4 755	22 039	463,5
«ҚазРосГаз» ЖШС	9 165	1 468	7 697	524,3
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	6 881	4 222	2 659	63,0
ПетроҚазақстан Инк.	5 832	7 347	-1 515	-20,6
Valsera Holdings B.V.	4 551	-4 020	8 571	-213,2
«ҚазГерМұнай» ЖШС	4 099	8 955	-4 856	-54,2
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	2 737	1 640	1 097	66,9
«ТеңізСервис» ЖШС	-3 096	427	-3 523	-825,1
Ural Group Limited	-5 220	-4 952	-268	5,4
Өзге бірлесіп-бақыланатын ұйымдар мен қауымдастырылған компаниялардың	3 360	4 964	-1 604	-32,3
Жиыны	481 224	224 280	256 944	114,6

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығының қорытындылары бойынша бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлес 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 256,94 млрд.теңгеге немесе 115%-ке ұлғайды.

Өсудің негізгі себептері:

- мұнай өндіруші компаниялар бойынша – Brent сортының мұнай бағасы есебінен негізгі ұлғаю (2021 ж. 1ж/ж факт - барреліне 65 АҚШ доллары, 2020 ж. 1ж/ж факт – барреліне 40 АҚШ доллары);
- АГК бойынша - теріс бағамдық айырманың төмендеуіне, кірістің ұлғаюына, АҚШ доллары бағамының өзгеруіне байланысты (2021 ж. 1ж/ж факт - бір АҚШ доллары үшін 424 теңге, 2020 ж. 1 ж/ж факт - бір АҚШ доллары үшін 405 теңге), сондай-ақ негізгі борыш сомасының азаюына және LIBOR мөлшерлемесінің төмендеуіне байланысты қаржы шығыстарының азаюына байланысты;
- БШГ бойынша - негізгі қызметтен кірістің ұлғаюына (газ тасымалдау көлемінің өсуі), оң бағамдық айырмашылыққа, қаржы шығыстарының төмендеуіне байланысты өсім;
- Valsera Holdings B. V. бойынша - 2020 жылы АҚШ долларының айырбастау бағамының күрт әлсіреуіне байланысты валюталық қарыздар бойынша теріс бағамдық айырмадан шығын танылды;
- КРГ бойынша - газ өңдеу өнімдерін сату бағасының, сондай-ақ бағамдық айырманың ұлғаюы есебінен өсу.

2021 жылғы 1-ші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша ҚМГ бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан 121,62 млрд.теңге мөлшерінде дивидендтер алды, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 105,48 млрд. теңгеге артық. Ауытқудың негізгі себебі - есепті кезеңде КҚК-дан (49 млрд.тг), АГК-дан (18 млрд. тг) және БШГ-дан (40 млрд. тг) дивидендтер алу.

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер, нетто	121 620	16 140	105 480	654

4.4. Кіріс салығы бойынша шығыстар

млн. теңге	2021ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	2020ж.30.06 аяқталған 6 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Ағымдағы табыс салығы:				
Корпоративтік табыс салығы	89 201	33 961	55 239	162,7
Үстеме пайдаға салынатын салық	38	-208	247	-118,4
Алынған дивидендтер бойынша төлем көзіндегі салық	6005	5 585	420	7,5
Кейінге қалдырылған табыс салығы:				
Корпоративтік табыс салығы	4 114	-21 156	25 270	-119,4
Үстеме пайдаға салынатын салық	-11,4	3 447	-3 459	-100,3
Алынған дивидендтер бойынша төлем көзінен салық	29 391	9 700	19 691	203,0
Жиыны	128 738	31 329	97 408	310,9

2021 жылдың 1-жартыжылдығында ағымдағы корпоративтік табыс салығы (КТС) бойынша шығыстар 89,2 млрд.теңгені құрады, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 163%-ке жоғары. 2021 жылы КТС өсімі Brent сұрыпты мұнайдың бір баррелі үшін 2021 ж. 1ж/ж әлемдік бағасының 65 АҚШ долларына дейін өсу есебінен, 2020 жылы іс жүзінде бір баррельдің бағасы 2020 ж. 1ж/ж 40 АҚШ доллары болған кезде, салық салынатын кірістің ұлғаюына, сондай-ақ доллар бағамының өзгеруіне (есепті кезеңде АҚШ долларының орташа айлық бағамы бір АҚШ доллары үшін 424 теңге, өткен жылдың ұқсас кезеңінде бір АҚШ доллары үшін 404 теңге құрады), Covid-19 пандемиясының және карантиндік шаралардың әсеріне, шығындарды қысқартуға және оңтайландыруға, мұнай көлемдерін экспорттан ішкі нарыққа қайта бөлуге, газды экспортқа сату көлемдерінің өзгеруіне байланысты. Есепті кезеңде жобалар бойынша баланстық құнды өзгерту есебінен Жеңіс пен Абай жобалары бойынша мерзімі ұзартылған НСП есептелді. Өткен жылдың ұқсас кезеңінде сыртқы аудиторлардың ұсынымы бойынша ЕМГ бойынша НСП есептелді, өтеу кейінге қалдырылған НСП активіне қайта бағалау жүргізілді және оның нәтижелері бойынша 2020 жылы шығыс деп танылды. ҚМГ КО ағымдағы шоттар, депозиттер, берілген қарыздар бойынша сыйақылардан, сондай-ақ күрделі сыйақылардан НУИВ есептелген және ұсталған. Уақытша айырмашылықтардың әсері салдарынан шоғырландыру деңгейінде ТШО дивидендтерінен кейінге қалдырылған НУИВ мөлшері өзгертілді.

4.5. Өтімділік және күрделі шығындар

Борыш міндеттемелері

Топтың тартылған кредиттері мен қарыздары бойынша жалпы берешегі 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 4 120 млрд.теңгені құрады. Өткен жылдың соңындағы көрсеткішпен салыстырғанда берешектің жалпы көлемінде шамалы ұлғаю байқалады, ол кезде көрсеткіш 4 078 млрд.теңге болды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда, 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жалпы борыш 1,0%-ке ұлғайды. Жалпы борыштың ұлғаюы Лондон қор биржасында (LSE) және Ирландия қор биржасында (ISE) орналастырылған және АҚШ долларымен деноминацияланған (валютамен орналастыру көлемі – 7 млрд. АҚШ доллары).

Топтың таза борышы 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2 367 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың соңындағы көрсеткішпен салыстырғанда 8,8%-ке аз.

млн. теңге	2021ж30.06 жағдай	2020ж31.12жағдай
	бойынша	бойынша
Ұзақ мерзімді бөлігі	3 652 415	3 716 892
Ағымдағы бөлігі	467 769	361 556
Берешек жиыны	4 120 184	4 078 448
Ақша қаражаты және олардың баламасы	1 444 944	1 145 864
Қысқа мерзімді банк салымдары және ұзақ мерзімді банк депозиттерінің бір бөлігі	307 859	339 000
Таза борыш (Берешек жиыны – Ақша қаражаты, қысқа мерзімді қаржы активтері)	2 367 381	2 593 585

Өтімділік

Топтың теңге баламасындағы ақшалай позициясы есепті кезеңде 1485 млрд теңгеден (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) 1753 млрд теңгеге дейін (2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша) 18%-ке ұлғайды. Есепті кезеңде Топтың ақшалай позициясының артуының негізгі себебі ҚТГ Аймақтың негізгі құралдарын сату, Petro China-дан ҚТГ-ның дебиторлық берешегін қайтару, сондай-ақ мұнай өндіруші және мұнай өңдеуші ЕТҰ-ның операциялық түсімінің ұлғаюы болды.

Болжамды өтімділік және үрдістер

Компания мұнайдың ағымдағы бағалары жағдайында болжамды шоғырландырылған өтімділік 2021 жыл ішінде айтарлықтай өзгермейді деп күтеді. ҚМГ-нің даму жоспарын оңтайландыру бойынша жүргізілген жұмысты ескере отырып, Топтың өтімділігі ағымдағы шығыстар мен міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті болып қалады.

Күрделі шығындар

Топтың күрделі шығыстары инвестициялық жобаларға, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға қаражат салуды және өзге де шығындарды (әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы) қамтиды. Есепті кезеңде күрделі шығыстар 166,5 млрд.теңгені құрады, бұл 2020 жылдың 1-ші жартыжылдығына қарағанда, 32%-ке немесе 76,9 млрд.теңгеге аз.

Қызметтің негізгі бағыттары қимасындағы күрделі шығыстар (есептелген):

млн. теңге	2021ж.30.06	2020ж.30.06	Δ, (+/-)	Δ, %
	аяқталған 6 ай үшін	аяқталған 6 ай үшін		
Мұнай мен газды барлау және өндіру	72 537	79 747	-7 210	-9%
Мұнай тасымалдау	40 676	12 218	28 458	233%
Газды сату және тасымалдау	29 772	86 982	-57 210	-66%
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және сату	11 607	50 965	-39 358	-77%
Өзгелері	11 913	13 530	-1 617	-12%
Жиыны	166 505	243 442	-76 937	-32%

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында мұнай мен газды барлау және өндіру бағыты бойынша күрделі шығыстар 72,5 млрд. теңгені құрады, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 7,2 млрд.теңгеге аз. Негізінен ҚМГ-Қарашығанақ бойынша шығыстар азайды, бұл мынадай іс-шаралар: өңдеу кешенінің газы бойынша өндірістік шектеулерді алып тастаумен, өңдеу кешенінің мұнайын дайындау жүйесін жаңғыртумен, есепті кезеңдегі жұмыстардың көлемі аз болғандықтан, газды кешенді дайындау қондырғысының компрессорлары - 2 және 4-ші газды кері айдау компрессорын жаңғыртумен байланысты болды. Сондай-ақ есепті кезеңде негізгі құралдарды жеткізу көлемінің аз болуына байланысты ӨМГ бойынша шығыстардың азаюы байқалады.

Есепті кезеңде "Мұнай тасымалдау" бағыты бойынша күрделі шығыстар 40,7 млрд.теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінің фактісінен 28,5 млрд. теңгеге аз. Шығыстардың ұлғаюы МГ балансына "Құлсары-Теңіз" техникалық суын қабылдауға, сондай-ақ теңіз операцияларын қолдау флоты жөніндегі жоба шеңберінде құрғақ жүктерді сатып алуға байланысты ҚТКФ бойынша қабылдауға байланысты.

"Өткізу және газ тасымалдау" бағыты бойынша есепті кезеңде күрделі шығыстар 29,8 млрд.теңгені құрады, бұл негізінен "Бейнеу-Бозой-Шымкент" МГ-да үш компрессорлық станция салу" және 2020 жылы "Бозой" ЖГҚ-да газ сақтау қуатын ұлғайту" жобаларын аяқтау есебінен 2020 жылдың ұқсас кезеңінің фактісінен 57,2 млрд. теңгеге аз.

2021 жылдың 1-жартыжылдығында "Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу" бағыты бойынша күрделі шығыстар 11,6 млрд.теңгені құрады, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңінен 39,4 млрд. теңгеге аз, негізінен 2020 жылы Петромидия МӨЗ-ін күрделі жөндеуге байланысты болды, ол әрбір 4 жыл сайын жүргізіледі.

Есепті кезеңде "Өзгелері" бағыты бойынша күрделі шығыстар 11,9 млрд.теңгені құрады, бұл өткен жылғы фактіден 1,6 млрд. теңгеге аз.

ГЛОССАРИЙ

KMGI – KMG International N.V., Румынияның интеграцияланған мұнай-газ компаниясы
CASPI BITUM - «CASPI BITUM» БК» ЖШС
АГҚ – Азия газ құбыры (Орта Азия газын ҚХР-ге тасымалдауға арналған магистральдық газ құбыры)
АМӨЗ – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
ББШ – «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбыры
БШГ - «Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС
Топ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті ҚМГ-ге меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылауға құқылы заңды тұлғалар.
ЕТҰ – еншілес тәуекелді ұйым
ШГА/ЕБЗ – Шикі газды айдау/Екінші буындағы зауыт
ҚХР – Қытай халық республикасы
ҚМГ, Компания – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
ҚМГ-Аэро - «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС
ҚМГ Қарашығанақ - «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС
ҚМГО – «ҚМГ-Өнімдері» ЖШС
ҚТКФ – «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС
ХӨК – хош иісті көмірсутектер өндірісі жөніндегі кешен
ҚНК – қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚОА - «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС
ҚРГ - «ҚазРосГаз» ЖШС
ҚТГ – «ҚазТрансГаз» АҚ
КҚК – Каспий құбыр арнасы консорциумы (Теңіз кен орнынан Қара теңіздегі Новороссийск портына дейін мұнай тасымалдауға арналған магистральдық мұнай құбыры)
ҚТМ – «Қазақтүрікмұнай» ЖШС
ҚТО – «ҚазТрансОйл» АҚ
ҚМГ КО – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік орталығы, орталық аппараты
МГ – магистральдық газ құбыры
ММГ - «Маңғыстаумұнайгаз» ЖШС
ММ – магистральдық мұнай құбыры
ҚР ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ПҚӨС – пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық
МӨҰ – мұнай өндіруші ұйымдар
МӨЗ – мұнай өңдеу зауыттары
ҮПС – үстеме пайдаға салынатын салық
ӨМГ - «Өзенмұнайгаз» АҚ
ІК – іске қосу кешені
ПҚОП – «ПетроҚазақстан Ойл продактс» АҚ, Шымкент мұнай өңдеу зауытының иесі
ПМХЗ – «Павлодар мұнай өңдеу зауыты» ЖШС
ЖСҚ – жобалық-сметалық құжаттама
СҚБЖ/БКЖ – Теңіз кен орнының сағалық қысымды басқару жобасы/болашақ кеңейту жобасы
ҚМГ БӨ - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ББҰ – бірлесіп-бақыланатын ұйым
СКЖ – Солтүстік Каспий жобасы
ҚМЖ – құрылыс-монтаж жұмыстары
БК – бірлескен кәсіпорын
ӨЖБҚ – өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысы
ӨБК – өнімді бөлу туралы келісім
ТШО – «Теңізшевройл» ЖШС
КС – көмірсутектер
КСШ – көмірсутек шикізаты
Қор - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
ЕМГ - «Ембімұнайгаз» АҚ
СКБ – Сараптамалық кеден бажы